

**Кентау қалалық мәдениет және тілдірді дамыту бөліміне атқарған
жұмыстары мен 2019 бұйрықтарды қабылдау барысында заңдылықтың
сақталу барысына жүргізілген ішкі талдау туралы
АНЫҚТАМА**

Кентау қаласы

30 желтоқсан 2019 жыл

«Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің Ережесіне сәйкес, бөлім басшысы бұйрық түрінде құқықтық актілерді қабылдайды. Бөлім басшысының бұйрықтарын тіркеу журналдары (*Негізгі құрам бұйрықтарын тіркеу журналы, жеке құрам бұйрықтарын тіркеу журналы т.б.*) тігіліп, мөрмен бекітілген. Жыл басынан жеке құрам бойынша 57 бұйрық, негізгі құрам бойынша 28 бұйрық қабылданған.

1. Қабылданған бұйрықтарға құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:

- «Жұмыстан шығару туралы» 31.01.2019 жылғы №6 ж/қ бұйрығына сәйкес, бөлімнің статисті А.Беидиева бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыстан міндеттеріне кірісуіне байланысты, бөлімнің статисті Д.Қоныс 01.02.2019 жылдан бастап жұмыстан шығарылған. Бұйрықтың негіздемесі А.Беидиеваның өтініші деп көрсетілгенімен, өтініш тіркелмеген.

- «Бала күтіміне байланысты демалыс беру туралы» 25.02.2019 жылғы №12 ж/қ бұйрығының мәтінінде «Жұмыспен қамту 2020: жол картасы» бағдарламасының жастар практикасы бойынша...» деп көрсетілген, алайда «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы ҚР Үкіметінің 05.02.2015 жылғы №42 қаулысымен күші жойылған. Сондай-ақ аталған бұйрықпен бөлімге жастар практикасы бойынша қабылданған практикант Жолдасбекова Улжалгас Айдарбековнаға 25.02.2019-13.12.2019 ж.ж. аралығында (10 ай) бала күтіміне байланысты демалыс берілген. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 14.06.2016 жылғы №516 бұйрығымен бекітілген Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру Қағидаларының 26-тармағына сәйкес, түлектер қатарындағы жастар практикасына қатысушылардың жалақысын қаржыландыру алты айдан аспайтын мерзімде еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады. Сәйкесінше аталған Қағидада жастар практикасы қатысушыларға еңбек демалысын беру көзделмеген.

2. Көрілген тәртіптік жауапкершіліктер бойынша:

- Бөлім басшысының 30.01.2019 жылғы №5ж/қ «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бұйрығымен бөлімнің статисті Д.Қонысқа 2019 жылғы міндеттемелік жоспарларды жасау барысында жылдық қаржы сомасын дұрыс енгізбей, кемшіліктерге жол бергені үшін «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

- «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 24.05.2019 жылғы №25ж/қ бұйрығымен бөлімнің іс-жүргізушісі Ф.Шағырбаеваға жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен хатты заң талаптарына сәйкес мерзімінде тіркеуге алмағаны үшін «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

- «Тәртіптік жаза қолдану туралы» 27.11.2019 жылғы №56ж/қ бұйрығымен бөлімнің статисті Д.Қонысқа іссапарлар бойынша төлемді артық есептегені үшін «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

3. 2019 жылдың 12 айында бөлім талапкер немесе жауапкер ретінде азаматтық істер бойынша сот отырыстарына қатыспаған.

4. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша прокуратура, басқа да құзырлы органдар тарапынан ұсыныстар мен наразылықтар т.б. қадағалау актілері бойынша:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен бюджет қаржыларының жұмсалуына және 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізілген. 29.11.2019 жылғы аудиторлық есепке сәйкес, жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында кемшіліктер анықталған. Атап айтқанда:

- Мекеменің бас маманы М.Кадироваға 2018 жылы іс сапар шығындарына 7007 теңге артық төленген. Бұл ретте ҚР Үкіметінің 22.09.2000 жылғы «Мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» №1428 қаулысымен бекітілген ереженің 9-тармағы 2) тармақшасының талаптары сақталмаған. Артық төленген 7007 теңге жергілікті бюджетке өндірілген (бөлімнің 27.11.2019 жылғы №56ж/қ бұйрығымен статист Д.Қонысқа «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған).

- «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» МКҚК-ға 2017 жылдың 01-қаңтарынан -31 желтоқсан аралығында есептелген айлық жалақыға аудит жүргізіліп, нәтижесінде мекеменің әр қызметкеріне ерекше жағдайдағы жұмыстары үшін окладтан айлық жалақыға қосымша төленетін 10 пайыз қаржы, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына шыққан кездегі қаржыға да 10 пайыз қоса есептеліп, 2017 жылы 72 101 теңге артық төленгені анықталған. Дәл осы жағдай, 2018 жылы және 2019 жылы да орын алып, 2018 жылы 114 497 теңге, ал 2019 жылы 407 780 теңге артық төленгені анықталған. Артық төленген қаржылар 2019 жылдың қараша айының еңбек ақы есептеу ведомстында әр қызметкерлерден ұсталып, қағаз жүзінде өндірілген (кемшіліктерге жол берген үшін кәсіпорын директорының 27.11.2019 жылғы №166 бұйрығымен бас-есепші А.Қозбақоваға «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған).

5. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау барысында қолданыстағы заңнамалық актіге сәйкес өтінішті мерзімінде тіркеуге алынбағаны анықталған (24.05.2019 жылғы №25ж/қ бұйрығымен бөлімнің іс-жүргізушісі Ф.Шағырбаеваға «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған).

6. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға

арналған іс-шаралар жоспары жалпы бөліммен атқарылғанымен, бірқатар іс-шаралардың орындалуы төмен деңгейде.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабының талабына сәйкес, бөліммен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілмеген. Қала әкімі аппараты тарапынан 28.12.2018 жылғы №1-01-21/10580 хатпен бекітілген қала әкімі аппаратының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын үлгі ретінде барлық ауыл әкімдері мен бөлім басшыларына жолданып, әрбір мемлекеттік мекеме стандартын бекіту қажеттігі ескертілген.

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды бөлім басшысы мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау жүргізу барысында сыбалас жемқорлық тәуекелдеріне жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

ҰСЫНЫМ:

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, құқықтық семинар кеңестерді өткізу;

2. Құқықтық актілерді (бұйрық) дайындау барысында заңнамалық актілердегі баптарға жасалған сілтеме сәйкестігіне зерделеу жүргізу;

3. Бөлім мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;

4. Бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту;

5. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы іс-шаралардың сапалы орындалуын және атқарылған жұмыстар туралы сапалы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету.

6. Ішкі талдау нәтижесімен анықталған кемшіліктерге жол берген бөлімнің жауапты қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігін қарау.

Таныстым: _____
А.Байболова

Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы
А.Байболова

«30» 12 2019 жыл

Қала әкімі аппаратының басшысы,
жұмысшы топ төрағасы

Ғ.Көшікбаев

Жұмысшы топ хатшысы,
қала әкімі аппаратының заң және құқық қорғау органдарымен жұмыс жүргізу бөлімінің бас инспекторы

С.Ажығабылов